

ХАБАРЛАНДЫРУ

2025 жылғы 14 наурыз күні сағат 11.00-де «СевКазэнерго» АҚ «Белое-2» шөгінді тау жыныстары (саз бен саздақ) кен орнын игеру» жұмыс жобасы бойынша қоршаған ортаны қорғау секциясы ЖБШН, ӨЭББ, ҚББ бойынша қоғамдық тыңдаулар өткізеді. Өтетін орны: СҚО, Қызылжар ауданы, Рошинск ауылдық округі, Пеньково ауылы, Центральная көшесі, 13, (Рошинск а.о әкімдігінің ғимараты).

Қатысушылар жеке басын куәландыратын құжатты көрсеткеннен кейін тіркеле алады.

Қосылу мәселелері бойынша әзірлеушінің телефондарына хабарласуға болады.

Тұтынушы, мәліметтер мен байланыс деректері: «СевКазэнерго» АҚ, СҚО, Петропавл қаласы, Жамбыл көшесі, 215, телефоны: 8-776-140-85-25, БСН: 990140000186

Әзірлеуші: «СЕВЭКОСФЕРА» ЖШС, Петропавл қаласы, Алтынсарин көшесі 168Б, 306 кабинет, телефоны: 46-77-56.

Жергілікті атқарушы орган: «Солтүстік Қазақстан облысы әкімдігінің табиғи ресурстар және табиғат пайдалануды реттеу басқармасы» КММ, телефон: 8(7152) 53-36-40.

Жоба бойынша құжаттама БЭК-те <https://ecorportal.kz> / «Қоғамдық тыңдау» бөлімінде орналастырылған.

Төтенше жағдай және (немесе) шектеу іс-шаралары, оның ішінде карантиндік, әлеуметтік, табиғи және техногендік сипаттағы төтенше жағдайлар енгізілген жағдайда қоғамдық тыңдаулар онлайн режимде өткізіледі. Бірінші экологиялық порталда және «Солтүстік Қазақстан облысы әкімдігінің табиғи ресурстар және табиғат пайдалануды реттеу басқармасы» КММ сайтында сілтеме беріледі.

Жоба бойынша ақпарат алуға және құжаттардың көшірмелерімен танысуға, сондай-ақ жоба бойынша ескертулер мен ұсыныстар жіберуге болатын электрондық және пошталық мекенжай: «Солтүстік Қазақстан облысы әкімдігінің табиғи ресурстар және табиғат пайдалануды реттеу басқармасы» КММ, Солтүстік Қазақстан облысы, Петропавл қаласы, Парк көшесі, 57в, e-mail: dpr@sko.gov.kz

«Петропавл бройлері» ЖШС «Петропавл брой-

лері» ЖШС үшін ықтимал әсерлер туралы есеп, құс фабрикасының құрылысы жөнінде ашық жиналыс нысанында мына мекенжайда қоғамдық тыңдаулар өтетінін хабарлайды: Петропавл қаласы, Омбы тас жолы, 5.

Күні, уақыты, орны: 13.03.2025 ж. сағат 15.00. Өтетін орны: СҚО, Петропавл қаласы, Мұқанов көшесі, 50 - 308.

Учаскенің координаттары: 54°54'43"с.е. 69°12'53"ш.б, 54°54'52"с.е. 69°12'54"ш.б, 54°54'52"с.е. 69°13'23"ш.б, 54°54'41"с.е. 69°13'22"ш.б.

Интернетке қосылу сілтемесі: <https://us05web.zoom.us/j/7082614001?pwd=ebpe0NOMPtgJUnZtG9Jb8oEKUMd4rV.1&omn=87610418715>

Жиналыс идентификаторы: 708 261 4001. Құпия сөз: 123456.

Қатысушыларды тіркеу жеке басын куәландыратын құжатты көрсеткен кезде жүргізіледі.

Жоба материалдарына тапсырыс беруші: «Петропавловский бройлер» ЖШС, телефоны: 8701-220-93-67, СҚО, Қызылжар ауданы, Малое Белое ауылы, Уәлиханов көшесі, 50, БСН: 200540003797, s_koles81@mail.ru.

Құжаттаманы әзірлеушінің атауы: «NordEcoConsult» ЖШС, Петропавл қаласы, Мұқанов көшесі, 50-308, телефоны 8777-319-17-46, БСН: 090240009780, vibatalov@yandex.ru (көрсетілген байланыстар бойынша қоғамдық тыңдау күніне дейін 3 күннен кешіктірмей қызығушылық танытатын сұрақтар қоюға болады).

Жоба бойынша құжаттама <https://ecorportal.kz> ЖАО сайтында <https://www.gov.kz/memleket/entities/sko-tabigat?lang=ru> «қоғамдық тыңдаулар» бөлімінде орналастырылған.

Жергілікті атқарушы органның атауы және қоғамдық тыңдауларды ұйымдастыруға жауапты адамның байланыс деректері: СҚО әкімдігінің табиғи ресурстар және табиғат пайдалануды реттеу басқармасы, телефоны: 53-36-38.

Конференцияға қосылу және қосымша ақпарат алу мәселелері бойынша 8777-319-17-46 телефоны арқылы хабарласуға болады.

Ескертулер мен ұсыныстарды қабылдау үшін жергілікті атқарушы органның электрондық пошта мекенжайы: dpr@sko.gov.kz, e.aizhanov@sko.gov.kz.

ОБЪЯВЛЕНИЕ

14.03.2025 года в 11.00 часов АО «СевКазэнерго» проводит общественные слушания по проекту нормативы допустимых выбросов, программа управления отходами, программа производственного экологического контроля, план мероприятий по охране окружающей среды к плану горных работ «Разработка месторождения осадочных пород (глины и суглинки) «Белое-2»», Место проведения: Кызылжарский район, Рошинский с.о., с.Пеньково, ул. Центральная,13 (здание акимата Рошинского с/о.).

Регистрация участников ведется при предъявлении документа, удостоверяющего личность.

Заказчик, реквизиты и контактные данные: АО «СевКазэнерго», СҚО, г.Петропавловск, ул.Жамбыла, 215, телефон 8-776-140-85-25, БИН 990140000186

Разработчик: ТОО «СЕВЭКОСФЕРА» г. Петропавловск, ул. Алтынсарина 168Б, 306 кабинет, телефон 46-77-56, БИН 070540003044

Местный исполнительный орган: КГУ «Управление природных ресурсов и регулирования природопользования акимата Северо-Казахстанской области», телефон 8(7152)53-36-40, <https://www.gov.kz/memleket/entities/sko-tabigat?lang=ru>.

Документация по проекту размещена на ЕЭП <https://ecorportal.kz/> в разделе «Общественные слушания».

В случае введения чрезвычайного положения и (или) ограничительных мероприятий, в том числе карантин, чрезвычайных ситуаций социального, природного и техногенного характера, общественные слушания проводятся в онлайн-режиме. Активная ссылка будет предоставлена на Едином экологическом портале и на сайте КГУ «Управление природных ресурсов и регулирования природопользования акимата Северо-Казахстанской области».

Электронный адрес и номер телефона, по которым можно получить информацию по проекту и ознакомиться с копией документов, а так же направить замечания и предложения по проекту: КГУ «Управление природных ресурсов и регулирования природопользования акимата Северо-Казахстанской области», СҚО, г. Петропавловск, ул. Парковая, 57 В, e-mail: dpr@sko.gov.kz

Жақсылық Ғабдоллаұлы
ЫСҚАҚОВ

Мемлекет және қоғам қайраткері, Солтүстік Қазақстан мен Павлодар облыстарының құрметті азаматы **Жақсылық Ғабдоллаұлы Ысқақов** 93 жасқа қараған шағында өмірден озды. Ол – бүкіл ғұмырын елімізде ауыл шаруашылығын дамытуға, мемлекеттілікті нығайтуға және туған өлкенің өркендеуіне арнаған абзал азамат.

Жақсылық Ғабдоллаұлы жастайынан халыққа қызмет етуді өмірлік мақсат тұтты. 1954 жылы Алматы қаласындағы ауыл шаруашылығы институтын тамамдап, қазіргі Шал ақын ауданындағы Ольгинка ауылында өзінің еңбек жолын агроном болып бастады, ауыл шаруашылығының білікті маманы, атқарушы органдардың адал қызметкері ретінде үлкен еңбек жолынан өтті. Жақсылық Ғабдоллаұлы басшылық қызметтерге дейін көтеріліп, абыройлы еңбек етті. Әр жылдары аудандық партия ұйымдарын басқарды, Солтүстік Қазақстан облыстық атқару комитеті төрағасының бірінші орынбасары, Павлодар облыстық атқару комитетінің төрағасы болды.

Ол екі рет Жоғарғы Кеңестің депутаты болып сайланып, халық-

тың әл-ауқатын арттыруға бағытталған маңызды шешімдерді қабылдауға белсене атсалысты. Өзінің көп жылғы қызметінде әрдайым әділдік пен адалдықты ту етіп, халық мүддесін бірінші орынға қойған парасатты, тәжірибелі басшы ретінде танылды. Жақсылық Ғабдоллаұлы – көпшілікке тәлімгер, үлгі бола білген жан.

Зейнетке шыққан соң да қоғамдық жұмыстардан қол үзбей, облыстық ардагерлер кеңесінің белсенді мүшесі болды, өзінің баға жетпес тәжірибесін кейінгі ұрпаққа үйретті. Жақсылық Ғабдоллаұлы – өмірін халыққа қызмет етуге арнаған, шынайы бедел мен құрметке ие болған қайраткер. Абзал азаматтың жарқын бейнесі, әрбір істеген ісі мен ұлағатты сөздері біз үшін мәңгілік құндылық болып қала береді. Көзқорғандар үшін ол тек білікті, әділ басшы ғана емес, адамгершілігі мол, жүрегі кең адам ретінде есте қалады.

Бүгінгі орны толмас ауыр сәтте оның отбасына, туыстары мен жақындарына, сондай-ақ барлық еске алушыларға шын жүректен қайғырып, көңіл айтамыз. Жақсылық Ғабдоллаұлының рухы тыныштық тауып, жаны жаннатта болсын. Оның адами бейнесі мен игі істері ешқашан ұмытылмайды.

Ғ.Т.Нұрмұхамбетов, Е.Х.Сұлтанов, В.С.Бубенко, М.И.Тасмағанбетов, Р.Ж.Құрманов, Қ.М.Дүзелбаев, Р.Қ.Әлішев, Ж.Р.Жұмағұлов, С.М.Мұхамедиев, Е.Е.Елеусізов, Қ.Қ.Қалиев, Ж.Қ.Сүлейменов, Ж.У.Тәжин, Ғ.Е.Есмұқанов, Г.Г.Зенченко, С.Т.Малаев, Б.Ә.Шәймерденов, О.В.Перепечина, Е.Х.Султанова, Ә.Қ.Рахметова, Е.Н.Мәмбетов, Д.В.Колода.

Облыстық ардагерлер кеңесі төралқасының мүшелері тыл еңбеккері, мемлекеттік қызмет және ауыл шаруашылығы саласының ардагері, Солтүстік Қазақстан облысының құрметті азаматы **Жақсылық Ғабдоллаұлы ЫСҚАҚОВТЫҢ** қайтыс болуына байланысты марқұмның отбасы мен туған-туысқандарына қайғыларына ортақтасып, көңіл айтады.

«Қызылжар-Ақпарат» жауапкершілігі шектеулі серіктестігінің ұжымы есімі көпшілікке мәлім, еліміздің дамуына өзінің сүбелі үлесін қосқан Солтүстік Қазақстан мен Павлодар облыстарының құрметті азаматы, мемлекет және қоғам қайраткері **Жақсылық Ғабдоллаұлы ЫСҚАҚОВТЫҢ** қайтыс болуына байланысты марқұмның отбасына, туған-туысқандарына қайғыларына ортақтасып, көңіл айтады.

ОБЪЯВЛЕНИЕ

Нотариус Магзумова Асемгуль Муратбековна извещает об открывшемся наследстве после умершей Крыловой Светланы Вячеславовны, 09 января 2025 г. на день смерти проживавшей г. Петропавловск, улица имени Ибрая Алтынсарина, 61-50. Просим наследников обратиться по адресу: г. Петропавловск, ул.Н. Назарбаева, 132, телефон 8701-764- 57-33, до истечения шестимесячного срока – 09.07. 2025 г.